

Диссертациялық кеңестің 2017 жылғы жұмысы туралы ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
«6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология»,
«6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша
диссертациялық кеңесі

**Диссертациялық кеңестің төрағасы Б.Б.Карибаев Әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ ректорының 2016 жылғы 31 наурыз №103 бұйрығымен
бекітілген.**

Диссертациялық кеңеске

«6D020300 – Тарих»	мамандығы бойынша;
«6D020800 – Археология және этнология»	мамандығы бойынша;
«6D021200 – Түркітану»	мамандығы бойынша

диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

1. Өткізілген отырыстың саны -6.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтановтың «Диссертациялық кеңестерді құру және төрағаларын бекіту» туралы бұйрығының (2016 жылғы 31 наурыз, № 103 бұйрық) және диссертациялық кеңестің құрамын бекіту туралы хаттамасының (2016 жылғы 25 сәуір, № 9 хаттама) негізінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» (тарих ғылымдары) мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңестің бекітілген мүшесі – 12 адам.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесі 2017 жылы жалпы саны - 6 мәжіліс өткізді. Алғашқы мәжіліс 24.02. 2017 ж. күні өтті. Күн тәртібінде ұйымдастыру мәселелері және Курманалина Нургуль Нурсултановнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамасы (XVII-XVIII ғғ.) және «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша Рахимов Ернур Кендибаевичтің «Этнография казахов России в трудах отечественных и зарубежных исследователей (XVII-XVIII ғғ.) тақырыбында дайындалған диссертацияларын қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті екінші мәжілісі 30.03. 2017 ж. күні өткізілді. Күн тәртібінде «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған докторант Курманалина Нургуль Нурсултановнаның ««Қазақ халқының

жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамасы (XVII-XVIII ғғ.) тақырыбындағы диссертациясын және «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша Рахимов Ернур Кендибаевичтің «Этнография казахов России в трудах отечественных и зарубежных исследователей (XVII-XVIII ғғ.) тақырыбындағы диссертациялары көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне Курманалина Нургуль Нурсултановнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша, «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша Рахимов Ернур Кендибаевичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданды.

Диссертациялық кеңестің үшінші отырысы 25.05. 2017 ж. күні өтті. Мәжілісте «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Өскенбай Мөлдір Әділбекқызының «Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (VIII-XII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясын қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

3-шілде 2017 ж. күні диссертациялық кеңестің кезекті төртінші мәжілісі өткізіліп, «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Т.Әпендиевтің «Қазақстандағы XIX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы неміс диаспорасы: әлеуметтік демографиялық қыры» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысын қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды. Сондай-ақ «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Өскенбай Мөлдір Әділбекқызының «Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (VIII-XII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне Өскенбай Мөлдір Әділбекқызының «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданды.

22.09. 2017 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті бесінші мәжілісі өткізілді. Мәжілісте ұйымдастыру мәселелері қаралып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселе көтерілді. Себебі, «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша кеңес мүшесі т.ғ.д. Байқонақов Досбол Сүлейменұлының негізгі жұмыс орнының Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, тарих, археология және этнология факультетіне ауысуына орай кеңес құрамынан шығарылатындығы жайлы және «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., профессор Кабулдинов Зиябек Ермұқанұлының мүшелікке қабылдануы туралы мәлімделіп, ашық дауысқа салынды. Ашық дауысқа салу нәтижесінде ұсыныс толық қолдау тауып, «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша кеңес мүшесі т.ғ.д. Байқонақов Досбол

Сүлейменұлының жұмысына шығармашылық табыс тілеп, алғыс білдірілді. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесіне мүшелікке Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., профессор Кабулдинов Зиябек Ермұқанұлы қабылданды. Мәжіліс отырысында одан әрі «6D020300 – Тарих» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Омарбаев Ырысбек Құрбанбекұлының «Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның паспорттық жүйесі (1917-1991 жж.): тарихи талдау тақырыбындағы диссертациясын және «6D020300 – Тарих» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Нурманова Аягуз Каирғалиевнаның «Оңтүстік Батыс Еуропада жаңа қоғамдық қатынастар мен өркениеттің дамуы (VII-XIII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясын қорғауға қабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды. «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Т.Әпендиевтің «Қазақстандағы XIX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы неміс диаспорасы: әлеуметтік демографиялық қыры» тақырыбында дайындалған диссертациясы көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне Тимур Акимханович Апендиевтің «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті алтыншы мәжілісі 2017 жылдың 1-қараша күні өтіп, екі мәселе қарастырды. Оның алғашқысы «6D020300 – Тарих» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Омарбаев Ырысбек Құрбанбекұлының «Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның паспорттық жүйесі (1917-1991 жж.): тарихи талдау тақырыбындағы диссертациясын көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданса, екінші мәселе «6D020300 – Тарих» мамандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Нурманова Аягуз Каирғалиевнаның «Оңтүстік Батыс Еуропада жаңа қоғамдық қатынастар мен өркениеттің дамуы (VII-XIII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясының да көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданды.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

а) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 –

Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестің 03.07. 2017 ж. және 01.11. 2017 ж. күнгі мәжілстеріне «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша мүшесі т.ғ.д., профессор Байпаков Карл Молдахметұлы қатыспады;

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Рахимов Ернур Кендибаевич, мамандық шифры: «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы (2013-2016), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
2. Курманалина Нургуль Нурсултановна, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы (2013-2016), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
3. Өскенбай Мөлдір Әділбекқызы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы (2012-2015), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
4. Апендиев Тимур Акимханович, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы (2014-2017), Ш.Ш Уәлиханов атындағы Тарих, этнология институты.
5. Омарбаев Ырысбек Құрбанбекұлы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы (2014-2017), Ш.Ш Уәлиханов атындағы Тарих, этнология институты.
6. Нурманова Аягуз Каирғалиевна, «6D020300 – Тарих» мамандығы (2014-2017), Тарих, археология және этнология факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: - қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

а) Рахимов Ернур Кендибаевич, мамандық шифры: «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы, «Этнография казахов России в трудах отечественных и зарубежных исследователей (XVII-XVIII ғғ.) тақырыбындағы диссертациясы Отандық ғылымның маңызды зерттеу бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының тыс жерлерін мекен ететін қазақ диаспорасы мен ирредентаның этнографиялық тұрғыдан зерттеу тарихын қалпына келтіру болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігін арнайы зерттеулер мен деректердің жүйесіз болуы құрайды.

Қазіргі күнге дейін Ресейде тұратын қазақтар жөнінде біршама көлемді материал жинақталды. Сол мәліметтер ресейлік қазақтардың дәстүрлі мәдениетін, этникалық тарихын, қазіргі этномәдени үдерістерін жан-жақтан көрсетеді. Қазақстаннан тыс елдерді мекен ететін қазақтардың этнографиясын, қалыптасу тарихын зерттеп білу, олардың этномәдени ерекшеліктерін сақтап қалуға, жандандыруға бағытталған жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жағдай қалыптастыратыны анық. Себебі, отандық гуманитарлық ғылымдарда бұл мәселенің тарихнамалық аспектілеріне арналған зерттеулер жоқтың қасы.

Жұмыстың өзектілігі, зерттеушілердің жарияланған еңбектерін жүйелеп,

кешенді түрде талдап, жинақталған тәжірибені ашып жариялаудан шығады. Ресейдегі қазақ диаспорасының қалыптасу тарихын, қазақ ортасындағы этникалық және этномәдени үдерістердің ерекшеліктерін этнографиялық тұрғыдан зерттеп білудің бағыттары мен концептуалдық негіздерін анықтау қазіргі күннің өзекті мәселесі қарастырылады.

ә) Курманалина Нургуль Нурсултановна, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамасы (XVII-XVIII ғғ.) тақырыбындағы диссертациясы Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін кезеңдеуге арналған аса өзекті ғылыми мәселелерге арналған. Жалпы диссертациялық жұмыс тарихнамалық тұрғыдан қамтылған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің тарихнамасын кешенді талдау арқылы төңкеріске дейінгі қазақ даласындағы отандық тарихи ойдың дамуын таразылап отырмыз. Кеңестік кезеңдегі осы мәселенің методологиялық тұрғыда зерттелуі, сонымен қатар осы мәселенің шетелдік тарихнамалық деректерде көрініс табуы ғылыми тұрғыдан сарапталған. Тарихнама ғылымы саласы бойынша зерттеу жүргізудің өзіндік ұстанымдары, өзіндік күрделіліктері қарастырылған. Докторант ол мәселелерді меңгерген. Мәселенің теориялық және методологиялық аспектілерін де қарастыруға арналған. Жалпы тарихнамалық дерек пен тарихнамалық фактінің негізгі мәнін, мазмұнын аша отырып, оларға баға беруге тырысқан.

б) Өскенбай Мөлдір Әділбекқызы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (VIII-XII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясында түркі тайпалары Орта Азия аумағында алып империяға айналған үлкен мемлекет құрған кезең болып саналады. Қарастырылып отырылған кезеңде хронология бойынша VIII-XII ғғ. аралығындағы бүкіл түркі тайпаларының, тек империя тұрғысында ғана емес, жеке тайпа мәселесі де қарастырылған.

VIII-XII ғғ. Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы сабақтастық мәселесіне байланысты, зерттеу жұмысында Қимақ қағанатының титулдары қарастырылған. Қимақ қағандары ең алғаш қағанат құрған кезде оның атауы тайпа ретінде қарастырған. Оның басшысы «Шад-тұтық» деп аталған. Ал уақыт өте келе Қимақ тайпалық одағы құрылған кезде оның басшысы «Жабғу» деп аталады. Кейін Қимақ мемлекеттік деңгейге жеткен кезде Қимақ «Қағаны» деп аталған. Бұл жерде ескеретініміз, бұрынғымен салыстырғанда ерекшелікті көреміз. Яғни мемлекет ауысқан кезде оның басшыларының титулдары ауысып отырды. Ал байланысына келетін болсақ, ол қимақтардың басшылары атқаратын қызметі, басшыларының қызметі бірдей, оның тек атауы өзгеріп отырды. Мемлекеттік тайпаға, одаққа ауысуына байланысты. Тағы бір мысал, VIII-XII ғғ. Орта Азия түркі тайпаларын алып қарастыратын болсақ, кестеде көрсетілгендей түркі тайпаларының тізімі берілген. Түркі қағанаты, Түркеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Қимақ қағанаты, Қыпшақ мемлекеті, Қарахан мемлекеті деп олардың атауы, ғасырлары да бөлек болғанымен, олардың этникалық құрамына мән беретін болсақ, Түркеш қағанатындағы шігіл

тайпасы, кейін ол Қарлұқ қағанатында да шігіл тайпасы, Қимақ қағанатында да шігіл және кейінгі Қарахан мемлекеті құрамында да шігіл тайпасының болғанын көреміз. Бұл да уақыт өте келе, бұрынғымен ерекшелігі қанша мемлекет ауысса да, оның құрамындағы тайпалардың сол қалпында қалмаса да, сабақтастық сақталғаны ғылыми тұрғыдан қарастырылған.

в) Апендиев Тимур Акимханович, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Қазақстандағы ХІХ ғ. соңы мен ХХІ ғ. басындағы неміс диаспорасы: әлеуметтік демографиялық қыры» тақырыбында дайындалған диссертациясында Қазақ елі тәуелсіздіктің тұғырына көтерілгеннен бастап, отандық тарих ғылымында ірі өзгерістер тарихи тұрғыдан қарастырылады. Республика халқының әлеуметтік және демографиялық тарихы зерттеліп, түрлі этностардың ХІХ-ХХ ғасырлардың ширегінен бастап, Қазақстанға орналасу тарихын, олардың әлеуметтік және демографиялық тарихын зерттеу бойынша отандық тарихшы-ғалымдар тарапынан көптеген ғылыми жұмыстар қолға алынды. Көп этносты Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этностардың мемлекеттің ішкі бірлігін нығайту мен оның саяси дамуындағы рөлін айқындау маңызды рөл ойнайды. Басты мәселе кеңестік кезеңнен бері қарай Қазақстан халықтары арасында сан жағынан үлесі көп болған немістердің қазақ жеріне көшіп келу тарихын, қоныстануы мен таралу аймақтарын, әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін зерттеу қарастырылған.

г) Омарбаев Ырысбек Құрбанбекұлы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның паспорттық жүйесі (1917-1991 жж.): тарихи талдау тақырыбындағы диссертациясында тақырыпқа байланысты шетелдік тарихнама атап айтсақ, Германияда бүгінгі қорғауға ұсынып отырған тақырып аясында зерттеу еңбектері мен зерттеушілер шоғыры бар, оның ішінде интернет сайттары бар болып табылады. Олардың ішінде ВІН атты электронды зерттеулер ресурсын атасақ та болады. Аталмыш интернет ресурсында тақырып бойынша неміс ғалымдарының мақалалары мен еңбектері жинақталған. Германияда паспорт құжатының пайда болуында Пруссия мемлекетінің тарихи жүріп өткен жолына тоқталады. Бұл мәселе бойынша неміс паспорт тарихын зерттеуде Шильденфельд, Аарон Шейд, Джениффер Аллисон т.б. үлесін қосты. Мен Чехия республикасының мұрағаттарында жұмыс жасаған кезімде мұрағат қорларынан Германияда өмір сүрген чех, Чехияда өмір сүрген неміс азаматтарына қатысты деректерді зерттедім. Әсіресе, фашистік Германия тұсындағы Чехияда құрылған паспорттық жүйені, екі елдің ғалымдары бірдей қарастыруда. Жалпы, Германия, Франция және Италия елдерінде тақырып бойынша жарияланған еңбектердің, біздің зерттеу жұмысына теориялық-методологиялық бағыттық үлесі зор болып табылады. Диссертациялық жұмыс көптеген жаңа мұрағат деректерінің нәтижесінде іске асты. Жұмысты жазу барысында еліміздің іргелі мұрағат орындарының қор материалдарын қолдануға ұмтылды. Әсіресе ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Президент мұрағатының деректерін ерекше атауға болады. Мәселен ҚР ОММ-ың 1414, 25, 135 қорларына тиісті іс-құжаттарды басым түрде ғылыми айналымға енгіздік. Ал, ҚР ПМ-ың 708, 141 қорларының істерін жіті қарастырдық. ҚР Орталық Мұрағатында 1940-ы

жылдарға дейінгі Қазақстанның паспорттық жүйесінің дамуынан дерек беретін құжаттар тобы басым сақталынған. Аталып өткен қорлардың деректері, зерттеу жұмысының деректік негізін құрауда үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар, Чехия республикасында болған сәттерімде Тоталитарлық режимді зерттеу институты мен ЧР ҒА Тарих институтының мұрағат қорларында жұмыс атқарып, қолжеткізілген деректерді диссертацияда кеңінен айқындалған.

д) Нурманова Аягуз Каирғалиевна, «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Оңтүстік Батыс Еуропада жаңа қоғамдық қатынастар мен өркениеттің дамуы (VII-XIII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы IV-XIII ғасырлар аралығындағы кезенді қамтиды, аталған кезеңде Оңтүстік-Батыс Еуропада феодалдық қатынастардың қалыптасуының алғашқы кезеңдері жүзеге асты. Герман және роман әлемінің синтезі жағдайында жаңа қоғамдық қатынастар дамыды. Этникалық үрдістер мен саяси байланыстар кеңейіп, мәдени және қоғамдық өмір гүлденді, сондай-ақ еуразиялық континентте әлеуметтік-мәдени қатынастар интеграциясы дамыды. Ал, жұмысты XIII ғасырмен аяқтауымның себебі, аталған ғасырдың басында Пиреней түбегінде бірқатар тарихи оқиғалар орын алды. Бұл уақытта арабтардан Пиреней түбегі аумағының 9/10 бөлігі кері қайтарды. Леон–Кастилия корольдігінде қалыптасқан әлеуметтік құрылыс Пиреней түбегінің көптеген бөлігіне тарала бастады. Астурия-Леон корольдігінің егемендігінен айырылуы король мен мемлекеттік лауазым иелерінің арасындағы иерархиялық сипаттардың туындауына алып келді. Жекелеген аудан басшылары король билігінен тәуелсіз бола бастады. Жалпы еуропалық типтегі феодалдық институттар, яғни ленді ұсыну, вассальдық ант беру, еуропалық феодалдық титулдар осы дәуірде тарала бастады. Мұсылмандар саяси және әлеуметтік салада өзара алдын ала ойластырылған қатынастар арқылы жергілікті тұрғындармен берік адалдық байланысының негізін қалады, бұл өз кезегінде екі жақтың Пиреней түбегінде араб-ислам өркениетін қалыптастыру мен байытуға белсене қатысуға мүмкіндік берді. Мұсылмандар төзімділік саясатты ұстанып, әл-Андалустің мемлекеттік өмірін басқаруда өз дәстүрлерін орнатты. Адамдардың күнделікті тұрмысында өзге де және жергілікті мәдениеттің терең дәстүрлерінің синтезі жүзеге асты. Аталған ықпал алдымен, тіл және әдет-ғұрыпта көрініс тапты. Пиреней түбегіндегі арабтар ең алдымен жергілікті тұрғындарға тілдік қатынаста өзіндік әсер етті. Келесі ықпал өнер саласында көрініс тапты. Бұл саладағы өзгерістер күнделікті тұрмыс деңгейімен тығыз байланысты. Өнердің әр саласында, соның ішінде сәулет өнерінде өзіндік жаңа элементтердің пайда болғанын бақылауға болады. Испания сәулет өнерінде арабтар сталактит немесе омарта ұяшығын еске түсіретін, дөңес жерге сүйенген кішкене аркадалар құраған күмбездерді жиі қолданды. Өзара қарым-қатынастың күшті болғаны соншалық, біз сәулет өнерінде, бұл аймаққа тән мавритан стилі деп аталатын типтің қалыптасқандығы жөнінде атап өтуіміз керек. Араб классикалық поэзиясы дәстүрлеріне мұсылмандық Испанияда туындаған поэзия жанрының түрлі формалары мувашшах пен заджал әсер етті. Пиреней түбегін арабтар жаулап

алғаннан кейін бұл жерде бірден бір тамаша ортағасырлық өркениет пайда болды. Жаулап алынған аумақтарға жаулап алушылармен бірге араб тілі мен араб халифатының шығыс аудандарында жоғары дамыған мәдениеті енді. Вестготтардың аз ғана билігі кезінде сақталған антикалық салт-дәстүр элементтері мен жергілікті испан-роман тұрғындарының рухани өмірінің интеграциясы, одан кейінгі араб жаулап алушылықтары нәтижесінде Шығыстан келген ерекше мәдениет жергілікті әдебиеттің, философияның, сәулет өнерінің, ғылымның қарыштап дамуына негіз салғандығы ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады.

- диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінде қорғалған алты диссертациялық жұмыстың барлығы ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы жоғары.

- қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

а) Е.К. Рахимовтың «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, Қазіргі уақытта Қазақстан мен Ресейде шетелдік қазақтардың мәдениетіне, тарихи-мәдени мұрасына қызығушылық арта түсуде. Сондықтан біздің зерттеуіміздің нәтижелері Ресей қазақтары туралы білімімізді кеңейтеді, әсіресе дәстүрлі және қазіргі мәдениеті жөнінде, этникалық және этномәдени дамуы туралы тың деректер мен мәліметтер береді. Осыдан жұмысымыздың жеке ғылыми-танымдық сипаты анықталады.

Отандық этнологияның дамуының негізгі бағыттарын айқындауда, соның ішінде диаспоралар этнографиясын келешектегі зерттеулерінде жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары пайдалануы мүмкін. Сонымен, университеттер мен институттарда оқу үрдісінде қолдануға мүмкіндік бар.

ә) Курманалина Нургуль Нурсултановна, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихнамасы (XVII-XVIII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясында Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қалыптасқан жағдайға сай төл тарихымыздың аз болмаса мүлдем зерттеле қоймаған, үстемдік еткен идеологияның құрсауында бұрмаланып келген мәселелерді қайта қарап, тарихнамалық тұрғыдан саралап екшеу Отан тарихындағы ғылыми маңызды шаралардың қатарынан саналады. Тарихнамалық зерттеудің негізгі міндеті – жекелеген тақырып, мәселе көлемінде бар зерттеу еңбектерін қамтып, оларды ғылыми тұрғыда талдаудан өткізіп, алда шешімін күтіп отырған

проблемаларды анықтау, тың тарихи зерттеулер үшін бағыт беріп, ұсыныс жасау екені белгілі. Тәжірибелік жағынан тарихнамалық зерттеулер жүргізудің басты қажеттілігі осы міндеттермен айқындалады. Н.Н. Курманалинаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, Зерттеу негізіне алынған тарихилық, объективтілік, әлеуметтік принциптер, сонымен бірге қолданылған мәтіндік талдау, салыстырмалы-тарихи, проблемалық-хронологиялық, хронологиялық, нақты және логикалық, ретроспективті, талдау және синтездеу сияқты әдістер зерттеу мәселесінің басты теориялық және практикалық негіздемесін анықтауға сеп болды. Жұмыстың тәжірибелік маңызы халықаралық қатынастарды жүргізу істерінде теориялық және тәжірибелік мәселені ұйымдастыруда белгілі бір дәрежеде қажеттілігімен түсіндіріледі. Диссертацияның құрылымы мен оның мазмұндылығы, одан алынған нәтижелер мен қорытындылардың бір-бірімен сабақтастығы, зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу тақырыбы ашылған, біртұтас аяқталған жұмыс болып саналады.

б) Өскенбай Мөлдір Әділбекқызы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (VIII-XII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы Адамзаттың этно-әлеуметтік тарихының көптеген тұстары әлі де жеткілікті ашылмаған. Аталған мәселелердің сабақтастығын зерттеу бізге халықтардың этникалық тарихына ішкі жағынан, нақты оқиғаның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, Орта Азиядағы түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастық мәселесі жаңаша көзқарастармен, соңғы ұстанымдармен зерттеуді қажет етеді. Осыған орай, зерттеушінің ұсынып отырған диссертация тақырыбы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған. М.Ә. Өскенбайдың «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, Нақты деректерге негізделген зерттеу нәтижелері мен тұжырымдары тақырыпты ғылыми тұрғыдан тығыз байланысты қарастыруға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жүйелі әрі тиянақты түрде қол жеткізілді. Жұмыстың мазмұны және логикалық қисыны өзара үйлесімде жазылған. Әртүрлі ғылым салаларына ортақ мәселелерді көтергендіктен қарастырылған жұмыстың ішкі бірлігі өте жоғары және ол толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертацияда пайдаланған сан қырлы бай материалдар ізденушінің алдына қойған мақсаттарына толық жеткізуіне мүмкіндіктер берген.

в) Апендиев Тимур Акимханович, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Қазақстандағы XIX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы неміс диаспорасы: әлеуметтік демографиялық қыры» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақ елі тәуелсіздіктің тұғырына көтерілгеннен бастап, отандық тарих ғылымында ірі өзгерістер орын алды. Аталмыш жағдай алғашқы кезекте республикамызда өмір сүріп келе жатқан халықтардың

әлеуметтік және демографиялық тарихын зерттеумен тікелей байланысты болды. Осыған орай, республикамыздағы түрлі этностардың ХІХ-ХХ ғасырлардың ширегінен бастап, Қазақстанға орналасу тарихын, олардың әлеуметтік және демографиялық тарихын зерттеу бойынша отандық тарихшы-ғалымдар тарапынан көптеген ғылыми жұмыстар қолға алынды. Көп этносты Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этностардың мемлекеттің ішкі бірлігін нығайту мен оның саяси дамуындағы рөлін айқындау маңызды рөл ойнайды. Басты мәселе кеңестік кезеңнен бері қарай Қазақстан халықтары арасында сан жағынан үлесі көп болған немістердің қазақ жеріне көшіп келу тарихын, қоныстануы мен таралу аймақтарын, әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін зерттеу қарастырылған. Т.А. Апендиевтың «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, зерттеу жұмысы негізінде алынған әрбір нәтиже, тұжырымдар мен түйіндер ғылыми тұрғыда толыққанды негізделген және олардың шынайылық деңгейі нақты деректер негізінде, атап айтсақ Ресей империясының 1897 жылғы, кеңестік кезеңдегі Бүкілодақтық 1920, 1926, 1937, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы және ұлттық 1999, 2009 жылдардағы халық санақтарының, мемлекеттік және шетелдік мұрағат құжаттарының негізінде, тарихи-салыстырмалылық, тарихи типологиялық, сипатту, ғылыми талдау мен синтез және сараптау мен квантитативтік әдістері арқылы Қазақстанға екі кезе бойынша көшіп келген немістердің көбеюі, сандық көрсеткіштері, әлеуметтік-демографиялық аспектіде жаңа ғылыми тұжырымдар жасалған.

г) Омарбаев Ырысбек Құрбанбекұлы, мамандық шифры: «6D020300 – Тарих» мамандығы, «Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның паспорттық жүйесі (1917-1991 жж.): тарихи талдау тақырыбындағы диссертациясы Бүгінгі таңда отандық тарихтың кеңестік кезеңін зерттеудің шаралары кең қолға алынуда. Халқымыздың кеңестік қоғамда жүріп өткен жолының ашылған тұстары жеткілікті болғанымен, назардан тыс қалып жатқан жерлері баршылық. Кеңестің дәуір тарапынан тигізілген оң және теріс салдарлардың тарихи аспектілері әлі де тың ғылыми бастамаларды қажет етеді. Бұл тұрғыда кейбір тарихи үдерістер мен құбылыстардың тарихи қырларын таныту маңызды болып табылады. Кеңес билігінің орнығуы мен саяси-құқықтық күшінің артуына паспорттық жүйенің жасаған ықпалы зор болды. Паспорттық жүйені белгілі бір тарихи зерттеу нысаны ретінде қарастырудың ғылыми ізденістері мардымсыз болып келді. Осы мәселе аясында құқықтану саласының ғылым өкілдері белсенділік танытқанымен, тарих ғылымында өзіндік орнын алмағандығы сөзсіз. Себебі, паспорттық жүйенің сол дәуірдің ірі тарихи оқиғалары мен үрдістеріне тікелей сабақтастық құраған құбылыс екендігі айқын. Кеңестік дәуірдегі тұрғындардың жүріп-тұру қозғалыстарын құжаттық есепке алу мен заңдастырудың амалдарының нені көздегендігін тарихи көзқараспен тану маңызды. Паспорттық жүйенің заңдастырылуына әсер етуші факторларды анықтаудың түбірі, тарихи дүниені қалыптастыруға алып келетіндігі мәлім. Кеңес паспортының ресми енгізілуі социалистік нақандардың жүзеге асу уақытысына сай келді. 1932 жылғы «бірыңғай

паспорттау туралы» ереже ел тұрғындарының еңбек күшін еріксіз пайдалану мақсатында іске асырылды.

Ы.Қ. Омарбаевтың «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, зерттеу барысында негізге алынған деректер қоры мен зерделенген ғылыми әдебиеттердің тақырып бойынша жұмыстардың теориялық-методологиялық үлгісіне айналу маңызы зор. Диссертацияның құрылымы мен оның мазмұнында айқындалған мәселелер негізгі бөлімдегі нәтижелер мен қорытындылардың мәнділігіне арқа сүйеген. Осы мақсатта зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу тақырыбы жан-жақты таразыланған, дербес аяқталған жұмыс болып саналады.

д) Нурманова Аягуз Каирғалиевна 6D020300 – Тарих» мамандығы, «Оңтүстік Батыс Еуропада жаңа қоғамдық қатынастар мен өркениеттің дамуы (VII-XIII ғғ.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы Мемлекетіміз егемендігін алған кезден жаңа дүниетанымдық көзқарастар қалыптасып, тарихи ойлардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар туындады. Бұл өз кезегінде тарихшыларды қоғамның тарихи дамуын терең бағалауға кірісуді, жаңа тұжырымдамаларды жазуды міндеттейді. Өткен тарихи оқиғаларға, соның ішінде дүниежүзілік тарихты саралауда жаңаша көзқарастар тудырады. Дүние жүзі тарихын, соның ішінде Еуропа тарихын зерттеу түрлі тарихи кезеңде Қазақстан Республикасының тарих ғылымында маңызды орын алды. Егемен мемлекет ретінде еліміз адамзат тарихын әлемдегі жаһандану және интеграция үрдісіне ерекше көңіл аударады. Қазақстан егеменді ел, көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде адамзат тарихына, дүниежүзілік тарихқа өзінің көзқарасын білдіруі керек. Осы тұрғыдан алғанда, халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңінің әлемдік тарихта алатын орны ерекше. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының бүкіл дүниежүзілік тарихи үрдісте алатын орны айқындалып жатқан кезде, еуразиялық өркениетке бетбұрыс бүгінгі тарихымыздың ең маңызды мәселесі болып отыр. IV-V ғғ. Еуропадағы ғұндар тарихынан Еуразия тарихы, жалпы Еуразия түсінігі бастау алады. Осы қозғалыстың әсері бүкіл Еуразия континентінде тұратын халықтардың өмір сүру дәстүрін, батыста да мемлекеттік үрдісті жеделдетуіне алып келгендігі қарастырылады. А.К. Нурманованың «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, Диссертация жұмысы IV–XIII ғасырлардағы Оңтүстік–Батыс Еуропа тарихындағы қоғамдық қатынастар ерекшеліктері, мәдени байланыстар маңыздылығын талдап, тың деректік материалдар негізінде, жаңа көзқарастар тұрғысынан ашып көрсетуге негізделген объективті зерттеу болып саналады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

а) Рахимов Е.К. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер А.Марғұлан атындағы Археология институтының профессоры, т.ғ.д. С.Е. Ажигали және Нұр Мүбәбәрәк университетінің доценті Д. Хатран. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық

жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

ә) Курманалина Н.Н. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, қытайтану кафедрасының меңгерушісі, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болып табылады. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

б) Өскенбай М.Ә. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының меңгерушісі және диссертациялық кеңес мүшесі Мұқаметханұлы Нәбижан және Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Әлімғазы Дәулетхан. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

в) Апендиев Т.А. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры және Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры болып табылады. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

г) Омарбаев Ы.Қ. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер «Нархоз Университеті» АҚ «Жалпы білім беру пәндері» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы, болып табылады. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

д) Нурманова А.К. диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті болып табылады. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін

білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

а) PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарының тақырыптары мемлекеттік ғылыми бағдарламалармен (Халық тарих толқынында, рухани жаңғыру және т.б.) тығыз байланыста қарастырылса;

ә) PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарының тақырыптары көпұлтты Қазақстан тарихын және Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысымен ұштастырылса;

б) PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстары тақырыптарының аясын қазақ халқының және басқада түркі халықтарының этногенезі мен этникалық тарихы мәселесіне бағыттау;

в) Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайын ескере отырып, PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына Ресей, Қытай сынды мемлекеттер тарапынан жетекші мамандарды рецензент ретінде тарту;

г) Жас ғалымдар еңбегінің қолдану аясын (республика, шетелдік оқырман қауымға кеңінен тарқату үшін) кеңейту мақсатында автореферат шығару тәжірбиесін қайта қолданысқа енгізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	Мамандық «6D020300 – Тарих»	Мамандық «6D020800 – Археология және этнология»	Мамандық «6D021200 – Түркітану»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	5	1	.

Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	5	1	.
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	5	1	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінде 2017 жылы қорғалған 6 диссертанттың бүгінде 4-і ҚР БжәнеҒМ Есепке Комитет бұйрығымен бекітіліп, философия докторы (PhD) дәрежесін алды:

а) Рахимов Ернур Кендибаевич, бұйрық № 1027, 13 шілде 2017 ж.;

ә) Курманалина Нургуль Нурсултановна, бұйрық № 1027, 13 шілде 2017 ж.;

б) Өскенбай Мөлдір Әділбекқызы, бұйрық № 1293, 6 қыркүйек 2017 ж.;

в) Апендиев Тимур Акимханович, бұйрық № 1536, 17 қазан 2017 ж.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы, т.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, т.ғ.д., профессор



Б.Б. Қарибаев

А.Б. Қалыш